

Э.Н. ОРАЗАЛИЕВА

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ БІРЛІГІ

«Мәдениет» ұғымының орталық нүктесін, тоғысар негізін адамның өмір сүру ерекшелігі, қалыптасу, даму әрекеті сұрыптайды, сондықтан «мәдениеттің» маңызды бірліктерін адамзат өмірін ұйымдастырып, дамытатын арнайы тәсілдер жиынтығы; қоғамның дамуын сипаттайтын тарихи санаты; адам әрекетінің қалыптасу негіздері; ұлттар мен этностардың тарихи дәуірлеуінің сипаттамасы; қоғамдық, этикалық нормалардың даму деңгейі айқындайды. Адам санасына әсер етер тарихи шарттар мен оларды жүйелеу тәсілдері арқылы өзектелетін мәдениеттанудың зерттеу нысаны сана әрекетін белгілі бір тарихи ортаға бағыттайтын дәстүрлі де құнды құрылымдар мен қатысымдық бірліктер арқылы жүзеге асатын болса, әрекет, білім, сана секілді элементтер тоғысын құрайтын адам арнайы құндылықтар өлемінен нәр ала, қатысымдық құрылымдарды қолдана отырып қана қоршаған ортаны қабылдау және ол туралы білім жинау қабілеттеріне ие болатыны сөзсіз. Нәтижесінде таным арқылы адам белгілі бір тарихи-мәдени ұстанымдарға негізделген шынайы өмірге араласуға мүмкіндік алады.

Мәдениет тілін меңгере отырып, кез келген адам сол аксиологиялық жүйенің ғана емес, этномәдени қоғамдастықтың да мүшесіне айналады, ғалым Ә.Қайдар дәлелдеген тұжырымдар жігіне сүйенсек, «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғымға» [1, 13] ұласады. Адамның өмір сүру ерекшелігіне, оны өзге нормалар мен дәстүрлерге бағынған жұрттан бөліп тұратын негіздеріне мән беру; қоғамдық өмірді реттеп отыратын, сақтайтын және дамытатын тәсілдерді жүйелеу; қоғамда өмір сүру әрекетіне және әлеуметтік ерекшелігіне орай сұрыпталатын тұлғаларды адамзат өлемінің құрамды бөлшегі деп қарау [2, 190], қоғамдық қатынастар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің сабақтастығын ерекше өзектеу – адамтану мен қоғамтану, елтану мен ұлттану ұстанымдарын терең түсінуге мүмкіндік берер амалдар қатарын салмақтайды.

Саяси-әлеуметтік, экономикалық факторлармен қатар тұрып, мемлекеттік дамудың құрамдас бөлігін дәйектейтін мәдени қағидалар кез келген қоғам мүшесінің жеке тұлғалық келбетін саралай алатыны анық. «Мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа тұрпатты басқарушылардың кәсіби ұйытқысын қалыптастыруға бағытталған қазіргі заманғы қағидаттарды әзірлеу қажет... Жас кәсіби мамандар ел өмірінде болып жатқан үдерістерде өз орнын тауып, болашақты орнатуға белсенді қатысуы керек...», – деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, бүгінгі қоғамдық қатынастар адамдық өсудің тың белестерін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Солардың қатарында тіл мәртебесін үстем ету, сөйлеу мәдениетінің функционалды-прагматикалық аспектілерін паш ету, халқымыздың шешендік қорын қолданыс арнасына бағыттау, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» тыңдаушы назарына жеткізе білу қажеттілігіне ерекше ден қою аса маңызды дәстүрлердің бірі болып табылады.

1990 жылдардан бастап қоғамдық-әлеуметтік айналымға ене бастаған «имиджелогия» ұғымының негізін де тұлғалық қалыптасудың қолданбалы ұстанымдары, әр адамның қоғамдық ортадағы тәртібін, өзін ұстау мәнерін анықтайтын құндылықтар кешені, әр алуан мамандардың кәсіби құзыреттілігін сараптайтын қажетті құрамдас бөліктері, салалық дайындықтың ажырамас бірлігін дәйектейтін әдіснамалық нұсқаулар жігі құрайтындықтан, оның нысанын тұлғалар мен іскерлік құрылымдардың әлеуметтік қатынас кеңістігі жүйеледі. Адамның бар мүмкіндігін сарқа пайдалану, оның абыройы мен ар-намысын жоғары көтеру міндеттерін шешуге бағытталған бұл сала пәнаралық ақпаратпен қамтамасыз етілген мағыналар бірлігінен бастау алды. Адамдық факторды өзектеген «имидж» ұғымын алғаш қолдана бастаған мамандардың ішінде экономистерді атауға болады, себебі ХХ ғ. 60-жылдарында американдық экономисі Болдуинг бұл сөзді іскерлік айналымға енгізе отырып, оны «іскерлік өсу қағидасы» деп таныды. Кейін «имидж» саясаткерлердің де аса қажет құралына айналды. Имидждің психологиялық негіздемесі әлеуметтік-саяси психологияның теориялық және қолданбалы аспек-

тілерін қабылдауға және субъективті сана арқылы сыртқы келбетті тану амалдарымен тоғыстыруға мүмкіндік берді.

«Имиджелогия – ғылыми білімнің жаңа бағыты... Орыс тіл білімінде бұл сөз екі мағынада қолданылады: тар мағынасында бұл – адамның сырт келбеті, ал кең мағынасында – жеке тұлғалардың көпшілікке әсер ету өнері», – деп аталып көрсетілгендей [3, 3], бірінші жағдайда, адамның өзіне ғана тән жеке мінез-құлқы, адамдық болмыс-бітімі ескерілсе; екінші кезекте, басты назар адамның бойында сұрыпталып, іріктеліп алынған мінездемеге аударылады. Демек алғашқыда имиджелогияның негізін әр адамның өзін ұсына білу өнері, қарым-қатынаста өзін таныта алар қабілеті, яғни табиғатынан бойына дарыған топ алдында сөз бастар қасиеті зерделесе; уақыт өте келе бұл ұғымның аясы арнайы тәрбиеленетін, көпшілік қалауына сүйене дамытылатын талғам мен қабылдауға, ықпал мен әсерге негізделе өріс ала бастады.

Сыртқы келбеттің астарында жеке тұлғаның мазмұндық болмысы көрініс тауып отыратындықтан, имиджелогияның әдістемелік негізін имидж-жобалар, саяси қайраткерлердің портреттері, соның негізінде қалыптасар психологиялық бет-пішіндері айқындады. Мысалы, саясаткер бейнесін сомдау үшін басшы тұлғасының халық алдындағы абырой-беделін оның ішкі қалауымен, өзіне қояр мақсат-міндетімен байланыстыра білу аса маңызды. Сараптау жұмысының нәтижесінде саясаткерлерге адамдармен қарым-қатынас жасай білу, жеке тұлғалық қатынастарды өзектеу, өзін-өзі ұсына білу міндеттерін шешу қажеттігі нақтыланады. Саяси басшының кескін-келбеті ұлттық-мәдени ерекшеліктер негізінде сараланатын халықтық діл арқылы анықталатынын естен шығармау керек. Ел қалауынан шығудың басты кілті – оны түсіне білу. Осыған орай, имиджелогия мамандары немесе имиджмейкерлер адамдардың ішкі рухани байлығын аша отырып, олардың бәсекеге қабілетті біліктілігін жеке тұлғалық өсуімен сабақтастыруға, ал іскерлік қарым-қатынасын өзін кез келген ортада ұсына білу мүмкіндігімен ұштастыра білуге, сол арқылы әлеуметтік қатынастың әртүрлі аялық өзгешеліктерін меңгеруге тәрбиелеуді мақсат етеді, нәтижесінде имиджелогия аясында төмендегідей тұжырымдамалар көрініс табады: «имиджелогия» – бұл беделді тұлға болудың ажырамас бөлігі; демократиялық және адамгершілігі зор қоғамның негізгі шартын құрайтын азаматтық тұлға тура-

лы түсінік; рухани құндылықтар әлемі; адамға әсер ету құралы; барлық қоғам мүшелеріне қажет қағидалар тізбегі.

Блез Паскальдың айтуына қарағанда, адамға әсер ете білудің екі жолы бар: бірі – «пікірінді дәлелдей алу»; екіншісі – «өзің туралы жақсы әсер қалдыру». Ғалым өзектеген аталмыш қасиеттер, шын мәнінде, сөйлеу мәдениеті нормаларын ұтымды пайдалану арқылы іске асады, өйткені, Р.Сыздық анықтағандай, «Тіл мәдениеті» – кең ұғымды білдіретін термин. Бұл – күнделікті тіл тәжірибесінің ең қажетті тұсы. Тіл мәдениеті дегенімізге сөздерді дұрыс қолданудан, ауызша сөйлегенде қазақ тілінің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтап, құлаққа жағымды етіп айта білуден бастап, қатесіз сауатты жазуға дейінгі сан түрлі міндеттер жатады» [4, 11]. Адамның өзгелерге «нұр шашар» қабілетін басшылыққа алу, оның жеке басының баурап алар қасиетін дамыту мәселелерін шебер сабақтастыру негізінде қалыптасатын бұл ғылым мен өнер одағы бүгінгі күні адамзат өмірінде маңызды қызмет атқарып келеді. Дұрыс ұйымдастырылған сыртқы келбет пен шебер ұсынылған сөйлесім әрекеті әлеуметтік ортада аса құнды функциялар атқарады, мысалы: 1) *тұлғалық мәртебе қызметін*, яғни әлеуметтік қажеттілік тудыратын тұлғалық өсу мүмкіндігін айқындайтын ерекшелігін; 2) *тұлғааралық қатынас қолайлығын реттейтін қызметін* немесе қарым-қатынастың шыдамдылық, ұстамдылық нормаларын жүйелейтін белгілерін; 3) *психотерапевттік қызметін*, яғни қажеттілігін сезінген адамның психологиялық көңіл-күйі мен бойындағы өзіне деген сенімділіктің орнау қағидаларын атауға болады. Оның сыртында, әрине, адамның өзін ұсына білу қабілеті арқылы қалыптасатын функционалды-технологиялық белгілер де бар. Олар: *тұлғааралық бейімделу (адаптация); жеке тұлғалық-іскерлік қабілеттерді таныту; жағымсыз қасиеттерді көлеңкеде қалдыру; назар аударуды ұйымдастыру; жас шектеулерінен шебер айналып өту және т.б.* Нәтижесінде қазіргі имиджелогияның отбасылық, мектепке дейінгі және мектептік, жоғары оқу орындарына арналған, әскери т.б. салалық бағыттары дамытылып, кәсіби мамандандырылған түрлері жүйеленуде: кәсіпкерлік, саяси, педагогикалық, медициналық, бұқаралық ақпарат құралдарының, банктік, құқықтық құрылымдардың, дипломатиялық және т.б.

Кезінде адам табиғатын жан-жақты зерделеген әл-Фараби мінез-құлықтар жіктемесін «қай-

ырымдылықтың» екі түрімен сабақтастыра талдап көрсетті — этикалық және интеллектуалдық. «Интеллектуалдық — жанның ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық — жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік», — деп тұжырымдаған ғұлама «жанның ұмтылу жағын» «жаратылыс пен бейімділік» ұғымдарымен байланыстырды, себебі ол адам бойында үстем болар қасиеттер өз бастауын негізінен, тегінен алады деп есептеді: «... Егер жаратылысынан қайырымдылықтың барлығына бірдей бейім және бұл қайырымдылықтар кейіннен оның әдетіне айналған адам бір кезде табуға болатын болса, онда ондай адамның қайырымдылықтары адамдардың көпшілігінің қайырымдылықтарынан әлдеқайда асып түсіп, оның өзі адамға бітетін қайырымдылықтар шеңберінен шығып кеткендей, сөйтіп адамнан гөрі жоғары қатарға шыққандай болар еді... [5, 196 — 199]». Құнарлы бастаудан нәр алған тұлғалардың өзі де, сөзі де айрықша әсерлі болатыны анық. Төле бидің: «...Елге бай құт емес, би құт. Қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе, батырлар мен биге күш...» деген сөздері соған дәлел. Зерттеушілердің еліміздің тарихын айғақтайтын фактілер қатарында шешендік өнердің негізін қалаған, ұтымды ойдың тұңғышына бойлаған, халықтық дәстүрдің құдіретін жалау еткен тұлғалардың есімдеріне ерекше ден қоюы да сондықтан болар. «...қазақ халқының ата тегі болып саналатын скиф, сак, ғұн, үйсін қаңлы, қыпшақ тайпалық одақтарындағы мемлекеттерде» [6, 25] ел билеуші тұлғалар асқан шешен, «аспан астындағы билеуші» ретінде танылып, әртүрлі атауларға ие болған, мысалы: үйсіндерде ел билеушілерін «Күн би» деп атаған: күн — жер әлемге нұр шашып тұрған құдіреті күшті ерекше құбылыс, би — билеуші деген ұғымды білдірді; ал ғұндарда — «Тәңір құты» деген атақ үстем болған: Тәңір — аспан әлемін жаратушы, құты — баласы (иесі) деген ұғымдар тоғысынан құралды деп есептеледі, демек, «Көктің ұлы» мағынасын үстейді. Сонымен қатар «Мемлекеттік биліктің функционалды қызметтері қазіргідей сала-салаға бөлінбеген қауымдық құрылыстың өзінде-ақ әр халықтың бойға сіңген әдет-ғұрпы мен дәстүр-салтын зани қағида ретінде қоғамдық қатынасқа сіңірген қауым көсемдері мен ақсақалдары, билік ісіне

белсене кіріскен абыздар, билер мемлекет басқару мен ел билеудегі мемлекеттік барлық істерге шектеусіз араласқан...» [6, 19], — деп көрсетілгендей, билердің мемлекеттік басқару жүйесінің әртүрлі құрылымдарында қызмет атқарғаны тарихтан белгілі. Қазы, орда биі, ру биі қызметтеріне тағайындалған тұлғалардың барлығы дерлік сөйлеу мәдениетін меңгерген, топ алдында өз пікірін дәлелді де дәйекті жеткізуден тайынбаған, іскерлігімен, ой ұшқырлығымен ел бастаған адамдар болып табылды. Күні бүгінге дейін олардың айтқан сөздері мен жасаған тұжырымдары өмірлік өлшемдерге теңестіріліп, ғасырлар жемісін құрауда.

Таным мен мәдениет негізінде қалыптасатын тұлғаның сөйлеу, қабылдау әрекеті екі жақты үдерістің тоғысын басынан өткізеді. Оның бір жағында әлемдік танымдық әрекеттер жатса, екінші бөлігі этномәдени қабылдау арқылы жүзеге асатын үлгілер арқылы сұрыпталады. Нәтижесінде танымдық әрекеттер универсалды әрі ерекше механизмдердің жұмыс істеу ұстанымдарына негізделеді, ал олардың қарама-қайшылығы ғылыми жүйе заңдылықтарын ұғынуға мүмкіндік береді. Н.Хомский универсалды құрылғылардың қызметін «бақылаушы, айқындаушы және түсіндіруші», ал ерекше құрылғылардың қызметін «дамытушы» деп сипаттай отырып, әлемді қабылдау екі жақты функциялардың көмегіне сүйену арқылы іске асады деп есептеді [7, 256]. Кейін бұл тұжырым дамытылып, біріншісі нақты білімдер мен құнды ұғымдар қоймасы деп, ал екіншісі дамытушы, толықтырушы, жетілдіруші қызметтер деп аталды [2, 199]. «...ұлттық мәдениеттің формасы ретінде тіл санамен және ойлаумен тығыз байланысты» [8, 46] болғандықтан, қазақ тіл білімінде кейінгі жылдары жарық көрген зерттеулердің басым көпшілігі тілтанымның мәдени негіздерін айқындауға бағытталған. «Лингвомәдениеттанудың тіл мен мәдениет арақатынасын зерттейтін басқа ғылым салаларынан бір ерекшелігі — оның кез келген нысанды зерттеуде тілдік және мәдени контекстерді тең қарастыруы» [9, 10], — деп анықталғандай, бұл екі ұғымның байланысы маңызды адамзаттық құндылықтарды дүниеге әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар олардың кең көлемде қолданыс тауып, орнығуын да қадағалайды, өйткені «лингвомәдениеттануда мәдениеттің рухани жақтары, яғни дүниетаным негіздері, ұлттық болмыс, ұлттық психология, ұлттық рухани моральдық құндылықтар айқындалады».

ӘДЕБИЕТ

1. *Қайдар Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

2. *Алефиренко Н.* Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры. – М.: Academia, 2002. – 394 с.

3. *Адилова Л.Ф.* Имиджелогия. – Алматы: Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан, 1999. – 71 с.

4. *Сыздық Р.* Қазақ теледидарының тіл мәдениеті қандай? //Тіл және қоғам. – 2 [4], 2005. – 9–17-бб.

5. *әл-Фараби.* Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 419 б.

6. *Қ.Омархан.* Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. – Астана: Елорда, 2004.

7. *Chomsky N.* Knowledge of language: its nature, origin and use. – N.Y., 1986.

8. *Bechtel W.* Philosophy of mind: an overview for cognitive science. -[Hillsdale 9 N.J.] etc: Erlbaum/ 1988.

9. *Уәлиев Н.* Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 117 б.

Резюме

В статье всесторонне рассматриваются проблемы важности культуры речи на государственной службе.

Resume

In article problems of importance of a standard of speech on public service are comprehensively considered.